



Басқару стильдеріне әсер ететін факторлар



Басқару стильдері

Басқару стильдерінің незінен 4 түрі кең тараған.

- ❖ авторитарлы
- ❖ либеральді
- ❖ демократикалық
- ❖ динамикалық



Басқару стильдері

Персоналды басқару әдістері – бұл ұйымның алға қойған мақсаттарына жету үшін басқарушылық объектіге әсер ететін әдістердің жиынтығы.

Персоналды басқару әдістері төмендегіше топтастырылады:

- ұйымдастырушы - әкімшілік;
- экономикалық;
- әлеуметтік-психологиялық.



- *Ұйымдастырушы-әкімшілік әдістері* еңбек тәртібінің қажеттілігін, жауапкершілікті, адамның белгілі бір ұйымда тікелей директивалық нұсқауларға негізделген жағдайларға еңбек ету керек екенін түсінген саналы себепке (мотивке) бағытталған. Ұйымдастырушы-әкімшілік әдістері негізінде жетекшінің билігіне, оның құқығына, тәртіпті ұйымдастыру мәніне және жауапкершілігіне тіреледі.
- *Экономикалық әдістер* қызметкерлерді экономикалық ынталандыруына негізделсе, ал *әлеуметтік-психологиялық әдістер* оның әлеуметтік белсенділігін жоғарылату мақсатында қолданылады. Экономикалық әдістердің көмегімен ұжымның, жеке жұмыскерлердің ынталандыруы орындалады.



Авторитарлы басқару стилі

- Басшылық бір қолда ғана болады, басшылық тәртіп пен қызметкерлерін қатал ұстауға тырысады, яғни басшылық бағындыру саясатын ұстанады. Қызметкерлердің тартылысы мақұлданбайды, мадақтанбайды кей кездері керісінше басылып қалады. Жаңа пікір тек қана басшы ойылап табады және сол мақұлданады.



Либеральді басқару стилі

Бұндай басқару стилінде басшы коллективтен шетте тұрады, басшы жұмыс барысына минимальді қатысады, өзіне және қызмекерлеріне талап етуі төмен бұндай басқаруда көшбасшы басқару қызметін атқарады.



Демократикалық басқару стилі

Басқарудың бұл түрінде басқарушылықтың децентрализациясы байқалады, шешім коллективте шешіледі, талап мадақтанады, мақұлданады



Динамикалық басқару стилі

Соңғы кезде көбінесе осы стиль қолданылады, яғни бұл жерде басшы кез – келген уақытта нақты позицияны ұстанады, мәселені шешуге барынша тырысады, коллективті шешімдер қабылданады.

Мемлекеттік басқару субъектісі – билікті жүзеге асыруға және қоғамдық процестер мен мемлекеттің жеке қызметін тікелей басқаруға конституциялық өкілеттігі бар мемлекеттік билік органдары болып табылады.

Мемлекеттік басқару объектісі – қоғамдық өмірдің саяси-құқықтық сферасы.